

Жоғары қауіптілік көзінен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша 2022 жылғы және 2023 жылғы 9 айдағы сот практикасын ТАЛДАУ

2023 жылғы 30 қараша

Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын орындау мақсатында жоғары қауіптілік көзінен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасына талдау жүргізілді.

Талдаудың мақсаты материалдық және процестік құқық нормаларын қолданудың дұрыстығын зерделеу, соттардың құқық қолдану практикасында туындайтын проблемалық мәселелерді анықтау, құқық нормаларын біркелкі қолдануды қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Нормативтік құқықтық база

Осы құқықтық қатынастарды реттейтін және талданатын санаттағы істерді қарау кезінде қолдануға жататын нормативтік құқықтық актілер:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі – АҚ);
- Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі – АПК);
- «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - ӘҚБтК);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі – Еңбек кодексі);
- «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Жол қозғалысы туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы №8 нормативтік қаулысы;
- «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы;

- «Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 9 нормативтік қаулысы;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары;

- «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №168 бұйрығымен бекітілген Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидалары.

Статистикалық деректер

Талданатын санаттағы істер бойынша статистикалық деректер жергілікті соттар ұсынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған.

2022 жылы аудандық және оларға теңестірілген соттарға **6006** талап қою келіп түсті. Оның ішінде, **1 089** – қайтарылды, **327** – қабылдаудан бас тартылды.

Барлығы **4 590** іс аяқталды, оның ішінде:

- **2 522** іс бойынша шешім шығарылды (*2 217 – қанағаттандырылды, 305 – бас тартылды*);

- 411 іс – қараусыз қалдырылды;

- 1 519 іс – тоқтатылды (1 454 іс – татуласумен);

- 138 іс – соттылығы бойынша жіберілді.

2023 жылдың 9 айында аталған санаттағы істер бойынша аудандық және оларға теңестірілген соттарға **4 307** талап қою келіп түсті. Оның ішінде, **638** – қайтарылды, **7** – қабылдаудан бас тартылды.

Барлығы **3 662** іс аяқталды, оның ішінде:

- 320 – іс қараусыз қалдырылды,

-1 203 іс– тоқтатылды (1 146 – іс татуласумен), 71 іс – соттылығы бойынша жіберілді,

- **2 068** іс - шешім шығарылды (1 867 – қанағаттандырылды, 201 – бас тартылды).

Апелляциялық сатыдағы соттың

Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы

2022 жылы барлығы 748 іс қаралды, оның ішінде 32-нің күші жойылды, 105-і өзгертілді, 611-і өзгеріссіз қалдырылды.

2023 жылдың 9 айында 529 қаралды, оның ішінде 19-ның күші жойылды, 77-і өзгертілді, 433-і өзгеріссіз қалдырылды.

2022 жылы күшін жоюға ең көп жол берген өңірлер: Астана (4), Алматы (4), Алматы облысы (3), СҚО (3), Қарағанды (3), Шымкент (3); 2023 жылғы 9 айда: СҚО (3), Алматы, Алматы облысы, Шымкент, Абай 2 іс бойынша.

Өңірлер бөлінісінде:

№	Өңір	Кезең (2023 ж. 9 ай - 2022)	Барлығы аяқталған	шешім шығарыл ын	оның ішінде		апелляция		
					қанағат	бас тарт.	Барлығы	Оның ішінде	
								күші жойыл.	өзгерт.
1	Ақмола	2023 ж.	204	105	95	10	7	-	7
		2022 ж.	285	178	148	30	13	1	12
2	Астана қ.	2023 ж.	714	479	448	31	11	1	10
		2022 ж.	862	532	492	40	16	4	12
3	Ақтөбе	2023 ж.	62	34	26	8	3	1	2
		2022 ж.	154	88	74	14	9	2	7
4	Алматы қ.	2023 ж.	255	174	153	21	9	2	7
		2022 ж.	220	148	135	13	8	4	4
5	Алм обл	2023 ж.	261	177	167	10	9	2	7
		2022 ж.	377	250	233	17	16	3	13
6	Атырау	2023 ж.	257	141	116	25	13	-	13
		2022 ж.	309	166	120	46	12	2	10
7	ШҚО	2023 ж.	217	77	75	2	3	1	2
		2022 ж.	265	117	101	16	3	1	2
8	Жамбыл	2023 ж.	119	65	58	7	2	1	1
		2022 ж.	178	95	81	14	6	1	5
9	БҚО	2023 ж.	144	65	52	13	1	1	-
		2022 ж.	201	97	85	12	3	3	-
11	Қарағанды	2023 ж.	231	115	103	12	3	-	3
		2022 ж.	369	175	157	18	17	3	14
12	Қостанай	2023 ж.	299	138	127	11	7	1	6
		2022 ж.	411	183	164	19	14	2	12
13	Қызылорда	2023 ж.	78	44	37	7	1	1	-
		2022 ж.	115	62	53	9	-	-	-
14	Маңғыстау	2023 ж.	161	81	77	4	6	-	6
		2022 ж.	233	95	89	6	6	1	5
15	Павлодар	2023 ж.	131	67	53	14	1	-	1
		2022 ж.	128	63	53	10	3	-	3
16	СҚО	2023 ж.	67	32	28	4	5	3	2
		2022 ж.	95	55	49	6	1	1	-
17	Түркістан	2023 ж.	84	60	56	4	2	1	1

		2022 ж.	99	61	53	8	1	1	-
18	Шымкент қ.	2023 ж.	125	76	68	8	5	2	3
		2022 г.	198	117	96	21	7	3	4
19	Әскери соттар	2023 ж.	15	11	10	1	-	-	-
		2022 ж.	13	8	8	-	1	1	-
20	Абай	2023 ж.	109	54	48	6	5	2	3
		2022 ж.	38	14	11	3	1	-	1
21	Жетісу	2023 ж.	82	45	43	2	2	-	2
		2022 ж.	27	12	9	3	-	-	-
22	Ұлытау	2023 ж.	47	28	27	1	1	-	1
		2022 ж.	13	6	6	-	1	-	1
БАРЛЫҒЫ		2023ж.	3662	2068	1867	201	96	19	77
		2022ж.	4590	2522	2217	305	138	33	105

Кассациялық тәртіппен 2022 жылы - 5 іс, 2023 жылдың 9 айында – 7 іс қайта қаралды:

Өңір	2022			2023		
	Қайта қаралған істердің барлығы	Күші жойылған	Өзгертілген	Қайта қаралған істердің барлығы	Күші жойылған	Өзгертілген
Астана	-	-	-	2	-	2
Алматы	1	1	-	1	1	-
Алмат обл	1	-	1	-	-	-
Атырау	1	1	-	1	1	-
Қарағанды	1	-	1	-	-	-
Қостанай	-	-	-	1	-	1
Қызылорда				1		1
Ұлытау	-	-	-	1	-	1
Шымкент	1		1			
Жиыны	5	2	3	7	2	5

Жалпы ережелер

Істердің соттылығы АПК-нің 29-бабында белгіленген жалпы қағидаларға сәйкес, яғни жауапкер жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша немесе жауапкер заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша айқындалады.

Сонымен қатар, мертігуден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы талап қоюларды талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша немесе зиян келтірілген жер бойынша бере алады (АПК-нің 30-бабының бесінші бөлігі).

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің (Салық кодексі) 610-бабының 1-тармағына сәйкес, материалдық залалды өндіріп алу туралы сотқа берілетін талаптардан мемлекеттік баж мынадай: жеке тұлғалар үшін талап қою сомасының 1 пайызы, бірақ 10 000 АЕК-тен аспайтын, заңды тұлғалар үшін талап қою сомасының 3 пайызы, бірақ 20 000 АЕК-тен аспайтын, мүліктік емес сипаттағы талап қою арыздарынан – 0,5 АЕК мөлшерінде алынады.

Талап қоюшылар мертігуден немесе денсаулығын өзге де зақымдаудан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша Салық кодексінің 616-бабы 5) тармақшасының негізінде мемлекеттік баж төлеуден босатылды.

Заңнамада жоғары қауіптілік көзінен (бұдан әрі – ЖҚК) келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшының сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтауы көзделмегенін соттардың назарда ұстағаны жөн.

Алматы қаласы Алатау аудандық сотының 2023 жылғы 5 сәуірдегі ұйғарымымен Д.Н. Қ.Қ. және Е.Ж. ЖҚК-ден келтірілген материалдық залалды өндіріп алу туралы талап қоюы дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтамауына байланысты қараусыз қалдырылған.

ҚР АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасына сәйкес сот, егер талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса, талап қоюды қараусыз қалдырады..

Егер істердің белгілі бір санаты үшін дауды сотқа дейін реттеу тәртібі заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін мүмкін болады (ҚР АПК 8-бабының алтыншы бөлігі).

Көрсетілген нормалар ескеріле отырып, Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 18 мамырдағы ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың ұйғарымының күші жойылып, істі мәні бойынша қарау үшін бірінші сатыдағы сотқа берілді.

Осыған ұқсас бұзушылықтар Шымкент қаласының, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының соттарында анықталды.

ҚР АПК-нің 47-бабының бірінші бөлігіне сәйкес өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап

талап қою берген немесе осы Кодексте көзделген тәртіппен өзге де тұлғалар оларды қорғап талап қою берген азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар болып табылады.

Заңнаманың заңдастыру туралы талаптарын орындамаған кезде көлік құралы бар адам қолайсыз салдарлар қатерін өзіне алады.

Ақтөбе облыстық сотының талдамалық анықтамасында ЖКО-ға қатысушылар Қазақстан Республикасының азаматтары болған, олар шет елден әкелген көлік құралдарын заңдастырмаған кезде осы көлік құралдары иелерінің құқықтық мәртебесі туралы мәселе туындайтыны көрсетілген.

Талап қою кезінде мұндай адамдар сотқа меншік иелері-шетелдік азаматтардың көлікті иеленуге, басқаруға және оған билік етуге сенімхатын береді.

Ақтөбе қаласы сотының 2022 жылғы 30 мамырдағы шешімімен Ж. Х. М.Т. ЖКО салдарынан келтірілген зиянды өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылды. Сот шешімі заңды күшіне енді, апелляциялық тәртіппен шағым берілмеген.

Сонымен қатар іс материалдарынан талап қоюшы Ж.Х. көлік құралының иесі еместігі, оны Ресей Федерациясының Уфа қаласында А.А. берген сенімхаттың негізінде басқарғаны анықталды.

Талап қоюшы көлік құралын уәкілетті органда уақытша есепке қоймаған.

ҚР АҚ-нің 167-бабының 1-тармағына сәйкес бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі сенімхат деп танылады.

Көрсетілген нормаға байланысты сенімхат меншік иесі-шетелдік азаматтан иелік етудің заңдылығын растайды, бірақ меншік құқығының туындауын растамайды.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында көлік құралын басқару үшін сенімхат талап етілмейді.

Аталған адамдар шетелдік көлік құралдарын заңдастырмаған, тиісінше оларға меншік құқығын алмаған, осыған байланысты Ақтөбе облысының соттары осындай адамдардың өз мүдделері үшін берген басқа да талап қоюларын қанағаттандырудан заңды түрде бас тартты.

Мысалы, Ақтөбе облысы Алға аудандық сотының 2023 жылғы 24 наурыздағы шешімімен Н.Б. А.Д. ЖКО-мен келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюын қанағаттандырудан бас тартылды. Жауапкер ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ережелерін бұзғаны үшін ЖКО-ға кінәлі деп танылған.

Сот талап қоюшы Н.Б. Ресей Федерациясының азаматы Р.К. тіркелген «Kia Spectra» маркалы көлік құралының иесі емес екенін анықтады, талап қоюшы сақтандыру полисінің негізінде көлік құралын басқарған.

Бірінші сатыдағы сот Н.Б. тиісті талап қоюшы емес деген қорытындыға келді. Талап қоюшыда сақтандыру полисінің болуы меншік құқығын алмастырмайды және осы талапты қоюға құқық бермейді. Сақтандыру полисі талап қоюшының өзінің залалды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауаптылығы туындаған кезде ғана маңызды болады.

Ақтөбе облыстық сотының аталған ұстанымы құқық нормаларына сәйкес келеді, өйткені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №13 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарының белгілі бір санаттары осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінен босата отырып, бастапқы тіркеуге жатады.

Көрсетілген нормативтік құқықтық актінің талаптарын орындамаған кезде Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдары бар, оларды заңдастырмаған адамдар осыған байланысты қолайсыз салдарлардың тәуекелін өзіне қабылдайды.

Жалға алынған мүлікке зиян келтіру жалға алушының мүліктік құқығын бұзбайды, сондықтан жалға алушының жалға алынған мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы талабы қанағаттандыруға жатпайды.

Ақтөбе облыстық сотының анықтамасында келтірілген зиянды өтеу үшін бір жағдайда жалға алушының, екіншісінде – жалға берушінің (көлік құралының меншік иесі) жүгінген кездегі облыс соттарының әртүрлі практикасы атап өтілген.

Мысалы, «С» ЖШС-ға жарықтандыруды реконструкциялау және орнату бойынша мердігерлік жұмыстарды орындауға жол учаскесі берілген, осыған байланысты жалға алушы «Т» ЖШС «С» ЖШС-ға осы жол учаскесіндегі жарықтандыру тірегінің құлауы салдарынан зақымданған көлік құралына келтірілген залалды өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған Ақтөбе облысы МАЭС-нің 2022 жылғы 17 мамырдағы шешімімен талап қою қанағаттандырылған.

Іс материалдарынан зақымданған көлік құралының меншік иесі «Қ» ЖШС болып табылады. 2019 жылғы 19 сәуірдегі жалдау шартының негізінде «Қ» ЖШС бұл автокөлікті талап қоюшы «Т» ЖШС-ға уақытша иеленуге және пайдалануға берген.

Басқа іс бойынша, жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) салдарынан көлік құралы зақымданған, оның иесі М.К. болып табылады.

2019 жылғы 10 маусымдағы жалдау шарты бойынша М.К. көлік құралын «П» ЖШС-ға жалға берген.

Жалға беруші М.К., Б.Б., А.Б., А.А. сақтандыру төлемі мен залал арасындағы айырмашылықты өндіріп алу туралы талап қойды.

Іс материалдары бойынша Қарағанды облысы Осакаров аудандық сотының 2022 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен ӘҚБтК-нің 610-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Б.Б. кінәлі деп танылды, оның азаматтық-құқықтық жауаптылығы «Х» АҚ-да сақтандырылған.

Ақтөбе қаласы сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешімімен залал Б.Б. М.К. пайдасына өндірілді.

Соттардың әртүрлі практикасына байланысты анықтамада жалға берілетін мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы кімнің - жалға берушінің немесе жалға алушының талап қоюға құқығы бар екенін түсіндіру туралы мәселе қойылған.

АК-нің 540-бабына сәйкес мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді. АК-да белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша жалға алушы жалданған мүлікке (қосалқы жалдау, қайта жалдау) билік етуге құқылы.

Жалдау (жалға алу) шартына байланысты жалдаушыдан (жалға алушыдан) жалдау нысанасына қатысты заттық емес, міндеттемелік құқықтар туындайды.

Жалға алынған мүлікке зиян келтірілуі жалға алушының мүліктік құқығын бұзбайды, сондықтан жалға алынған мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша жалға алушы тиісті талап қоюшы болып табылмайды.

Сонымен бірге жалға алушының жалдау нысанасының зақымдануы салдарынан өзіне келтірілген өзге де залалдарды өтеткізуге құқығы бар.

Ортақ бірлескен меншік құқығымен мүлкі бар меншік иелерінің кез келгені мүлікке келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

Павлодар қалалық соты Б.К. С.Ж. үшінші тұлғалар Р.Қ, С.Ж., «А» сақтандыру компаниясы» АҚ-ны тарта отырып, сақтандыру төлемі мен келтірілген залал арасындағы айырманы, сондай-ақ залалдарды өтеу туралы талап қоюынан бас тартты.

Іс бойынша С.Ж. «Toyota Estima» маркалы көлік құралын басқара отырып, Б.Қ. басқарған «Lexus GX470» маркалы автокөлікпен соқтығысуға жол бергені анықталды.

Сот қаулысымен С.Ж. ӘҚБтК-нің 610-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды.

«Lexus GX 470» маркалы көлік құралы талап қоюшының жұбайы Р.К. тіркелген.

Соттың талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуына талап қоюшының «Lexus GX 470» маркалы автокөліктің иесі болып табылмайтыны, такси қызметтерін көрсетуге және бағалауға ақы төлеуге байланысты шығыстарды талап қоюшы емес, оның жұбайы Р.К. жүзеге асырғаны негіз болған.

Осылайша, сот талап қоюшының құқықтары мен заңды мүдделері бұзылмаған деген қорытындыға келді.

Сонымен қатар, автокөліктің талап қоюшының жұбайына жеке меншік құқығымен тиесілі екендігін сот анықтамаған және сот актілерінде көрсетілмеген.

Осыған байланысты автокөлік ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігі болып табылатын жағдайларда, талап қоюшы тең меншік иесі ретінде бірлескен меншікке келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюға құқылы екенін соттардың назарда ұстағаны жөн.

Егер кепіл мүлкін ерікті сақтандыру шарты бойынша банк пайда алушы болып тағайындалса және қарыз алушы сақтандырылған тұлға бола отырып, осы шартқа жазбаша келісімін білдірсе, ол сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін өз пайдасына немесе пайда алушы – банктің пайдасына жүзеге асыру туралы талап қоюға құқылы емес. Мұндай құқық пайда алушы ретінде тек банкке тиесілі.

Павлодар облысының Екібастұз қалалық соты Б.М. «НСК» АҚ-ға талап қоюы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуды заңсыз деп тану, сақтандыру төлемін жүргізу міндетін жүктеу туралы азаматтық істі даудың мәніне дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға «С» АҚ-ның еншілес банкінің қатысуымен қарады.

Сот шешімімен талап қоюшыға осы талап қоюмен «НСК» АҚ-ға жүгіну құқығы берілмегендіктен, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляциялық шағымда талап қоюшы өзінің сақтандырылған тұлға болып табылатынын, сақтандыру компаниясынан пайда алушы ретінде банктің пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап етуге құқылы екендігін көрсеткен.

Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Талап қоюшы 2021 жылғы 15 шілдеде «KIA K5» маркалы автомашинаны сатып алғаны, бұл ретте соманың бір бөлігі 6 524 535 теңге қарызға «С» АҚ-дан алынғаны, автомашина Банктің кепіл мүлкі болып табылатыны анықталды.

2021 жылғы 31 желтоқсанда «НСК» АҚ мен Банк арасында кепілдегі автокөлікті портфельдік сақтандырудың жалпы талаптары туралы бас шартқа қол қойылған. Осы Шартқа сәйкес сақтандыру объектісі кепіл мүлкі болып табылатын автокөлікті иелену, пайдалану және билік ету нәтижесінде сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан туындайтын күтпеген шығыстар мен шығындарға байланысты сақтандырылушының мүліктік мүдделері болып табылады.

Көрсетілген шарт бойынша «НСК» АҚ сақтандырушы, Банк-сақтанушы және пайда алушы, талап қоюшы сақтандырылған тұлға болып табылады.

2022 жылғы 16 маусымда Екібастұз қаласында жүргізуші Т.Ә. кінәсінен ЖКО орын алды, ол сот қаулысымен ӘҚБтК-нің 610-бабының екінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды.

Есепке сәйкес талап қоюшының автокөлігін қалпына келтіру құны 5 776 219 теңгені құрады. Сақтандыру жағдайы басталған кезде қарыз сомасының қалдығы 6 032 273 теңгені құрады.

Шарттың 5.1.2-тармағында сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қою құқығы пайда алушы ретінде банкке тиесілі екендігі көзделген.

«Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы» ҚР ЖС-нің 2017 жылғы 6 қазандағы №8 нормативтік қаулысының 35-тармағында баяндалған қағидаларға сәйкес сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға пайда алушы болып табылады.

Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша пайда алушыны сақтанушы тағайындайды. Егер сақтанушы сақтандырылмаған болса, онда пайда алушы сақтандырылушы болуы керек немесе ол сақтанушының жазбаша келісімімен тағайындалады.

Қарыз қаражатына сатып алынған көлік құралын ерікті сақтандыру шарты бойынша пайда алушы болып, әдетте, көлік құралының кепіл шарты бойынша бір мезгілде кепіл ұстаушы болып табылатын банк тағайындалады. Қарыз алушы (кепіл беруші) сақтандырылған тұлға болып және ерікті сақтандыру шартына қосыла отырып, оның талаптарына келісімін білдіреді.

АК-нің 306-бабының 2-тармағына сәйкес сақтандыру жағдайы туған кезде кепіл берушінің кепілге салынған мүлікті сақтандыру шарты бойынша талап ету құқығы одан кепіл ұстаушы бас тартқан ретте ғана пайда болады.

Демек, сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талап қоя отырып, кепіл беруші (сақтандырылған адам) банктің сақтандыру төлемін алу құқығынан бас тартқаны туралы дәлелдер ұсынуы тиіс.

Жергілікті соттардың талап қоюшыға сақтандыру төлемін өз пайдасына да, банктің пайдасына да жүзеге асыру туралы талаппен сотқа жүгіну құқығы берілмегені туралы тұжырымдары негізді болып табылады, өйткені талап қою құқығын банктен талап қоюшыға беру туралы дәлелдемелер ұсынылмаған. Шарттың 13.5-тармағына сәйкес, егер бұл тараптардың қосымша жазбаша келісінде көрсетілмесе, шарт бойынша құқықтар мен міндеттердің басқа тұлғаларға ауысуына жол берілмейді.

Тиісті жауапкерді анықтау

Талдау жергілікті соттардың барлық жағдайда тиісті жауапкер – ЖҚК-нің иесін дұрыс анықтай бермейтінін көрсетті, соттар көлік құралының кімнің заңды иелігінде екендігі жөнінде дәлелдемелерді талап етпей,

жауапкерді әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы ұсынылған қаулылармен шектелген.

Сот практикасы көрсеткендей, әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам бір мезгілде тиісті жауапкер – ЖҚК-ның заңды иесі бола бермейді.

ҚР АҚ 931-бабы бірінші бөлігінің 2-абзацына сәйкес зиянды өтеу міндеті меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен немесе кез келген басқа да заңды негізбен (мүліктік жалдау шарты, көлік құралын басқару құқығына берілген сенімхат, көздерді беру туралы құзіретті органның өкімі арқылы және т.б.) жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға немесе азаматқа жүктеледі.

Көлік құралының иесі жөнінде ұқсас анықтама «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңының 1-бабының 8) тармақшасында және «Жол қозғалысы туралы» ҚР Заңының 1-бабының 29) тармақшасында берілген.

Қолданыстағы заңнамада ЖҚК иесінің анықтамасы толық болып табылмайды.

Зиянды өтеу туралы талап қою бойынша жауапкерді анықтау кезінде жауапкердің ЖҚК болып табылатын мүлікті иеленуінің құқықтық негіздерін тексеру қажет

Е.М. Е.Б., А.К. ЖКО-ның салдарынан келтірілген материалдық залалды және моральдық зиянның ақшалай өтемақысын өндіріп алу туралы талап қойып сотқа жүгінді.

Абай облысы Бородулиха аудандық сотының 2023 жылғы 12 қаңтардағы шешімімен талап ішінара қанағаттандырылды, Е.Б. Е.М. пайдасына 852 459 теңге мөлшерінде материалдық залал, 1 200 000 теңге мөлшерінде моральдық зиянның ақшалай өтемақысы өндірілді.

Сот «Лада 21713» автокөлігі жауапкер А.К. тиесілі екенін, жауапкер Е.Б. в көлік құралын сақтандыру полисі негізінде басқарғанын анықтады.

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 2 сотының үкімімен Е.Б. ҚР ҚК 345-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды, Е.Б. «Лада 21713» маркалы автокөлік құралын басқара отырып, «Toyota Avensis» маркалы автокөлік құралымен бетпе-бет соқтығысқаны анықталды. ЖКО-ның салдарынан Е.М. денсаулығына ауыр зиян келтірілген.

ҚР АҚ-нің 931-бабы 1-тармағының негізінде «Лада 21713» маркалы көлік құралының иесі болып ЖКО кезінде көлік құралын заңды негізде басқарған Е.Б. танылды.

Сақтандыру полисінің болуы көлік құралының иесі ретінде жауапкердің АҚЖ-і сақтандырылғанын көрсетеді.

Жоғары қауіптілік көзінің иесімен еңбек қатынастарына байланысты жоғары қауіптілік көзін басқаратын адам (жүргізуші,

машинист, оператор және т.б.) осы көздің иесі болып танылмайды және жәбірленушінің алдында зиян үшін жауапты болмайды.

А.С. 2021 жылғы 4 желтоқсанда М.М. «Hyundai Sonata» маркалы автокөлікті басқара отырып, алда келе жатқан «Renault Sandero Stepway» маркалы автокөлікпен соқтығысуға жол бергеніне уәж келтіріп, М.М., К.Б. жауапкерлерден материалдық залалды ортақ өндіріп алу туралы талап қойып сотқа жүгінді. ЖКО-ның салдарынан талап қоюшының автокөлігі зақымданған.

Сот қаулысымен М.М. ЖКО-ны жасағаны үшін кінәлі деп танылып, әкімшілік жауаптылыққа тартылды. ЖКО жасалған кезде М.М. сақтандыру полисі болмаған, оның АҚЖ-і сақтандырылмаған.

Алматы қаласы Алмалы ауданының №2 аудандық сотының 2022 жылғы 20 шілдедегі шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылды. Қ.Б. А.С. пайдасына 2 038 958 теңге мөлшерінде материалдық залал өндіріп алынды, М.М. қатысты талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот М.М. басқарған көлік құралы иесінің АҚЖ-і сақтандырылмағанын анықтады. М.М. автокөлікті басқара отырып, Қ.Б. тапсырмасы бойынша әрекет еткен, іс жүзінде оның жүргізушісі болған, ақы алып отырған.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Соттар зиян келтіргені үшін жауаптылықты ЖҚК-нің иесіне заңды түрде жүктеген.

Г.Р. кәмелетке толмаған И.А. мүддесі үшін Д.Х. залалды өндіріп алу туралы талап қойып сотқа жүгінді.

Іс материалдары бойынша 2020 жылғы 15 қыркүйекте «Нowo» маркалы көлік құралының жүргізушісі Г.Т. «Renault Trafic» маркалы автокөлікпен соқтығысуға жол берген. ЖКО-ның салдарынан «Renault Trafic» автокөлігінің жүргізушісі И.А. оқиға орнында алған дене жарақатынан қайтыс болды.

«Нowo» маркалы автомашинаның иесі Д.Х. болған, оның АҚЖ-і «Е» сақтандыру компаниясы» АҚ-да сақтандырылған.

Талап қоюшы сақтандыру компаниясына жүгінгенімен, оған төлем жасаудан бас тартылған, өйткені ЖКО кезінде жүргізуші Г.Т. «Нowo» маркалы автокөлігін басқару жөніндегі АҚЖ-і сақтандырылмаған.

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2023 жылғы 17 сәуірдегі шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдап, шешімнің күшін жойды.

Апелляциялық саты өзінің қорытындысын көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыруға жатады деп негіздеді.

Заңның көрсетілген талабын орындамау ЖҚК иесі үшін жағымсыз салдарға әкеп соғады.

Меншік иесі Д.Х. ЖКО-дан кейін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға тиісті шаралар қабылдамаған, тиісінше келтірілген зиян үшін жауапты болуға тиіс.

Егер көлік құралы ТМД елдерінен әкелінсе және Қазақстан Республикасында бастапқы есепке қойылмаса, тиісті жауапкерді анықтау.

В.Б. жауапкер Д.Б. кінәсінен ЖКО салдарынан келтірілген материалдық залалды өтеу туралы Д.Б., Н.Н. талап қоюмен сотқа жүгінді.

Апелляциялық саты өзгеріссіз қалдырған Ақтөбе қаласы сотының 2022 жылғы 3 тамыздағы шешімімен талап қою қанағаттандырылды.

Істің мән-жайларын қарағанда, ЖКО жасаған «Toyota Estima» маркалы көлік құралының иесі Ресей Федерациясының азаматы Н.Н. болып табылады.

Көлік құралын Қазақстан Республикасының аумағында автокөлікті Д.Б. сатып алған ол автокөлікті тіркеуді/ уақытша тіркеуді жүргізбеген.

ЖКО кезінде Д.Б. автокөлікті бұрынғы меншік иесінен сенімхат және сақтандыру полисін алмай пайдаланған.

Сот алқасы аталған құжаттардың болмауы жауапкерді талап қоюшының алдындағы жауаптылықтан босатпайды деген қорытындыға келді және жауапкердің әрекеттерін жосықсыз деп бағалады.

Аталған мән-жайларды ескере отырып, алқа Д.Б. талап қою бойынша тиісті жауапкер деп таныды.

Ақтөбе облысы соттарының сатып алынған көлік құралдарын Қазақстан Республикасында бастапқы есепке қоймаған және өзінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын сақтандырмаған адамдарды тиісті жауапкерлер деп тану бойынша білдірген ұстанымы дұрыс деуге болады.

Көлік құралын қысқа мерзімді жалға беру (каршеринг) кезінде тиісті жауапкерді анықтау

Е.Ш. жауапкерлер «Д» ЖШС-дан, Н.В., М.Г. материалдық залал мен моральдық зиянды ортақ өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Талап қоюда Н.В. Volkswagen Polo автокөлігін есірткімен мас күйінде көлік құралдарын басқару құқығынсыз басқара отырып, қарсы бағытта келе жатқан талап қоюшыға тиесілі Toyota Camry маркалы автокөлікпен соқтығысқаны жөнінде уәж келтірілген. Volkswagen Polo маркалы автомашина «Д» ЖШС-ға меншік құқығымен тиесілі. Н.В. онлайн-режимде өзінің досы жауапкер М.Г. атынан осы көлік құралын жалдауға ресімдеген.

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 2022 жылғы 18 мамырдағы шешімімен талап ішінара қанағаттандырылды. Н. В. мен М. Г. Е.Ш. пайдасына материалдық зиянды өтеу үшін 1 884 419 теңге өндірілді.

Апелляциялық алқаның 2022 жылғы 11 тамыздағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгертілді, келтірілген залал Н.В., М.Г. және «Д» ЖШС-дан ортақ өндірілді.

Апелляциялық сатыдағы сот өз тұжырымдарында «Д» ЖШС көлік құралын жалға беру бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра отырып, көлік құралының жалдау шарты жасалған адамға берілетініне көз жеткізбегені, соның салдарынан автомобиль көлік құралын басқаруға құқығы жоқ және есірткімен мас күйінде болған Н.В. иелігінде болғаны жөнінде негіз келтірген.

АК-нің 10-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады, сондықтан «Д» ЖШС автокөлікті басқару құқығын Н.В. заңсыз берген меншік иесі ретінде ЖҚК келтірген зиян үшін ортақ жауаптылықта болады.

Апелляциялық сот зиян келтіруші Н.В. бірге М.Г. ортақ жауаптылыққа тартуды негізді деп таныды.

Сондай-ақ «Д» ЖШС Е.Ш. келтірілген зиянды өтеу кезінде АК-нің 933-бабында көзделген тәртіппен Н.В. пен М.Г. кері талап қоюға (регресс) құқығы бар екендігі көрсетілген.

Сонымен қатар апелляциялық сот АК-нің 951-бабының 2-тармағына байланысты моральдық зиянды зиян келтірушінің кінәсі болған кезде зиян келтіруші өтейді, сондықтан моральдық зиянды өтеу ЖКО-ға кінәлі болған, яғни зиян келтіруші болып табылатын Н.В.жүктелуге жатады деген қорытындыға келді.

Басқа іс бойынша М.М. пен З.М. талап қоюы бойынша мас күйінде «Тойота Камри» маркалы автокөлікті басқарған Г.Н. кінәсінен ЖКО орын алғаны, соның алдарынан З.М. денсаулығына ауыр зиян келтірілгені, оған мүгедектіктің 3-тобы белгіленгені анықталды. Зақымдалған көлік құралының иесі М.М. материалдық шығын келтірілді.

Алматы қаласы Медеу ауданының №2 аудандық сотының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы қаулысымен Г.Н. қатысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кінәлі адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылды.

Г.Н. басқарған көлік құралының иесі С.М. болып табылады.

2018 жылғы 5 қаңтардағы келісім бойынша С.М. «Тойота Камри» маркалы автокөлікті Р.А. атынан «А» ДК-нің иелігіне берді.

Р.А. өз кезегінде 2019 жылғы 15 қазандағы автокөлік құралын жалға беру шарты бойынша автокөлікті Г.Н. уақытша иеленуге берді.

Бұдан бұрын Алматы қаласы Медеу аудандық сотының 2021 жылғы 24 маусымдағы шешімімен М.М. пен З.М. талап қоюы ішінара қанағаттандырылды, С.М. З.М. пайдасына 300 000 теңге сомасында моральдық зиянның өтемақысы, М.М. пайдасына қалпына келтіру бойынша 2 836 948 теңге жөндеу құны өндірілді.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылып, аталған шешімнің күші жойылды.

Бас тарту үшін тиісті емес жауапкерге талап қойылғаны негіз болған, өйткені ЖКО жасалған кезде «Тойота Камри» маркалы автокөлік жауапкер С.М. иелігінде болмаған, 2018 жылғы 5 қаңтардағы шарт бойынша автокөлік «А» ДК иелігіне берілген.

Аталған автомобильге қатысты көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру шарты «А» сақтандыру компаниясы» АҚ мен «А» ДК-нің арасында жасалғаны көрсетілген. Сақтандыру компаниясы 1 750 200 теңге сомасында сақтандыру төлемін жүзеге асырды.

Сот алқасы талап қоюшылардың ЖҚК иесіне талап қою құқығынан айырылмағанын түсіндірді.

Осыдан кейін талап қоюшылар М.М., З.М. «А» ДК-ге зиянды өтеу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Алматы қаласы Алатау аудандық сотының 2022 жылғы 8 сәуірдегі шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 18 шілдедегі қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Бас тартудың негіздемесінде соттар ЖКО жасалған кезде жауапкер «А» ДК-нің көлік құралын иемденбегенін, тиісінше ол ЖКО салдарынан Г.Н. келтірген залал үшін жауапты болмайтынын көрсеткен.

ЖКО жасалған кезде Г.Н. автокөлік құралын 2019 жылғы 15 қазандағы жалға беру шарты негізінде көлік құралын иеленгені, Г.Н. келтірген залал үшін жауапкер «А» ДК кінәсінің жоқ екені көрсетілген.

2019 жылғы 15 қазандағы автокөлік құралын прокатқа беру шартында 4.2.9-тармақпен Г.Н. үшінші тұлғалар алдындағы материалдық жауаптылығы көзделген.

Тараптар жоғарыда көрсетілген шартты бұзбаған, ол заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылмаған.

Сондай-ақ соттар талап қоюшының «А» сақтандыру компаниясы» АҚ мен «А» ДК-нің арасында жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын міндетті сақтандыру шартына сілтемесін негізсіз деп таныды.

Көрсетілген істер бойынша соттар ЖКО кезінде ЖҚК-нің иесін анықтау кезінде ЖКО жасаған жүргізушіде көлік құралын прокатқа беру шартының және жол парағының болуын назарға алды, осыған байланысты көлік құралын жалға берген тұлғаға қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартқан.

Жергілікті соттардың бұл ұстанымы келесі негіздер бойынша дұрыс емес деуге болады.

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңның 3-бабына сәйкес сақтандырылушы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі көлік

құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

Аталған Заңның 7-бабы бойынша көлік құралдары иелерінің жауаптылығын міндетті сақтандыру шарты жасалмаған жағдайда, көлік құралын пайдалануға жол берілмейді.

АҚ-нің 10-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауаптылығымен жүзеге асырылады.

Көрсетілген нормаларға байланысты каршеринг қызметтерін көрсететін тұлға көлік құралын АҚЖ-ні міндетті сақтандырусыз пайдалануға беруге құқылы емес.

Алайда, каршеринг кезінде көлік құралы қысқа мерзімді жалға берілетін адаммен міндетті сақтандыру шарты жасалмайды.

Каршерингтік ұйымның өзінің АҚЖ сақтандырылған болып табылады.

Тиісінше, қысқа мерзімді жалдау (каршеринг) шарттары бойынша көлік құралын пайдалану салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге міндетті тұлға кәсіпкерлік қызмет ретінде осындай қызметтер көрсететін тұлға (каршерингтік ұйым) болып табылады.

М. талап қоюына қатысты іс бойынша «А» ДК ЖҚК-нің иесі болып табылады.

Бұл жағдай Г.Н. жасаған ЖКО бойынша «А» ДК-нің АҚЖ-і сақтандырылған «А» сақтандыру компаниясы» АҚ 1 750 200 теңге сомасында сақтандыру төлемін жүзеге асырғандығымен расталады.

Е.Ш. талап қоюына қатысты іс бойынша залал «Д» ЖШС-дан негізді түрде өндірілген, алайда Н.В. пен М.Г. ортақ өндіріп алу қажеттілігі туралы қорытынды және моральдық зиянды оны келтірушіден өндіріп алу туралы түйін дұрыс емес.

Кәмелетке толмағанның басқаруындағы ЖҚК зиян келтірген кезде тиісті жауапкерді анықтау

Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен А.А. С.Б., А.М., Р.Х., Т. Х. және «Қ» РММ-ге материалдық залалды өндіріп алу туралы талап қоюына қатысты азаматтық іс бойынша Қосшы қаласы сотының 2022 жылғы 8 қыркүйектегі шешімі өзгертілді.

Іс материалдарын қарағанда, кәмелетке толмаған Н.Қ. «Mitsubishi Lancer» маркалы автокөлігін басқара отырып, ЖКО жасаған, соның алдарынан талап қоюшыға тиесілі «Kia Sportage» көлік құралына зақым келтірген.

Ақмола облысы Целиноград аудандық сотының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен С.Б. ӘҚБтК-нің 612-бабының бесінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін (көлік құралын басқаруға құқығы жоқ адамға бергені үшін) кінәлі деп танылды.

Сот «Mitsubishi Lancer» маркалы автокөліктің иесі А.М.екенін анықтады.

Аталған көлік құралын «Н» сақтандыру компаниясы берген сақтандыру полисінің негізінде С.Б. иеленеді.

Бірінші сатыдағы сот С.Б. залалды өндіріп алды, басқа жауапкерлерге қатысты талапты қанағаттандырудан бас тартты, өз қорытындысында ЖҚК-нің иесі С.Б. болып табылатынын, ол көлік құралын ЖҚК-ні басқаруға құқықтық негіздері жоқ кәмелетке толмаған Н.Қ. өз еркімен бергенін жоққа шығармағанын көрсетті.

Апелляциялық сатыдағы сот шешімді өзгерте отырып, С.Б. мен кәмелетке толмаған Н.Қ. заңсыз әрекеттерінің салдарынан талап қоюшыға мүліктік зиян келтірілгенін атап өтті, осыған байланысты алқа материалдық залалды өтеу жөніндегі жауаптылықты С.Б. және кәмелетке толмаған Н.Қ. заңды өкілдері - Т.Х., Р.Х. ортақ жүктеу керек деп есептеді.

Апелляциялық сатыдағы соттың қорытындылары АҚ-нің 931, 951-баптарының ережелеріне сай келмейді, оларға сәйкес ЖҚК келтірген зиян үшін жауаптылық оның иесіне жүктеледі.

Сот ЖҚК-нің иесі болып табылатын тиісті жауапкерден талап қоюды тануды қабылдайды

С.А. жауапкерлер Д.М., «М» ЖШС-ға зиянды өтеу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Іс материалдары бойынша көлік құралын басқаруға құқығы жоқ Д.М. АҚЖ-ні сақтандырусыз мас күйінде Газ 330252-244 маркалы автокөлікті басқара отырып, С.А. тиесілі Киа Сирато маркалы көлік құралын қағып өткен.

ӘҚБтК-нің 608-бабына сәйкес ЖКО жасағаны үшін Д.М. әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Газ 330252-244 маркалы автомашина «М» ЖШС-ға меншік құқығымен тиесілі болған, «М» ЖШС осы көлікті жөндеуді жауапкер Д.М. тапсырған.

Сот жауапкер Д.М. талап қоюды тануын қабылдамады және Ақтөбе қаласы сотының 2022 жылғы 23 мамырдағы шешімімен «М» ЖШС-ның иесінен 3 458 945 теңге мөлшерінде залал өндірілді.

Ақтөбе облыстық сотының ЖҚК иесі ғана таныған талап қоюды сот қабылдауға құқылы деген тұжырымы АПК-нің 48-бабына сәйкес келеді, ол бойынша, егер бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе қандай да біреудің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзса, сот жауапкердің талап қоюды тануын қабылдамайды.

Жауаптылық негіздері

Айналасындағыларға жоғары қауіп төндіретін қызметтен (жоғары қауіптілік көзі) келтірілген зиян үшін жауаптылық АҚ-нің 931-бабында регламенттелген.

Азаматтық кодекстің 931-бабының 1-тармағына сәйкес қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Көрсетілген нормаға байланысты ЖҚК келтірген зиян үшін жауаптылықтың ерекшелігі иегердің кінәлі, заңсыз әрекеттерінің болуына қарамастан жауаптылықтың басталатынына негізделеді.

Жергілікті соттардың жекелеген талдамалық анықтамаларында және сот актілерінде ЖҚК-ден келтірілген зиянды өтеу үшін бір мезгілде мынадай шарттардың болуы қажетті негіз болып табылады деп қорытынды жасалған: - зиянның болуы және оның мөлшері; - зиян келтірушінің әрекеттерінің заңсыздығы; - зиян келтірушінің құқыққа қайшы іс-әрекеттері; - зиян келтірушінің кінәсі; - құқыққа қайшы мінез-құлық пен туындаған зиянның арасындағы себептік байланыс, яғни соттар АҚ-нің 917-бабында айқындалған зиянды өтеудің жалпы негіздеріне сілтеме жасайды.

Алайда, жоғары қауіптілік көздерінің өзара іс-қимылы салдарынан олардың иелеріне келтірілген зиян жалпы негіздерде өтеледі (АҚ 931-бабы 2-5-тармағының абзацтары).

ЖҚК-нің иесі өзінің кінәсіздігін дәлелдеген жағдайда да үшінші тұлғаларға (жолаушыларға, жаяу жүргіншілерге және басқаларға) келтірілген зиян өтеледі.

ЖҚК-нің иесін жауаптылықтан босату үшін еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің пиғылы ғана негіз болып табылады.

Моральдық зиян, егер зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіп көзінен келтірілген жағдайда, оны келтірушінің кінәсіне қарамастан өтеледі

2022 жылғы 2 наурызда Павлодар облысының Ақсу қалалық соты С.С. және басқалардың А.С. талап қоюы бойынша әрқайсысына 3 000 000 теңге мөлшерінде моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық істі қарады, талап қоюшылардың келтірген уәжі бойынша олар өздеріне жақын адам - ұлынан, әкесінен, жұбайынан айрылған.

Істің мән-жайлары бойынша жауапкер өзіне меншік құқығымен тиесілі автомашинаны басқара отырып, автожолдың жүру бөлігінде болған жаяу жүргінші С.С. қағып кеткен.

Осы ЖКО-ның салдарынан жаяу жүргінші С.С. оқиға орнында алған дене жарақатынан қайтыс болды. Осы факт бойынша ҚК-нің 345-бабының үшінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қаза тапқан С.С. қатысты сот-медициналық сараптама және ЖКО мен көлік құралдарының мән-жайларына сот сараптамасы жүргізілді.

Сот-медициналық сараптаманың қорытындыларына сәйкес С.С. бас, кеуде қуысы, іш және екі аяқтың төменгі жақтары жарақат алып, соның салдарынан қайтыс болған. Дене жарақаттары доғал заттардың әсерінен, мүмкін жол-көлік оқиғасы кезінде келе жатқан көліктің шығыңқы бөліктерінің әсерінен және өліммен тікелей себептік байланыста болған.

Химиялық-токсикологиялық зерттеу кезінде марқұмның қанында концентрациясы – 1,58% (промилле) этил спирті анықталды, бұл тірі адамға қатысты алкогольдік масаңдықтың орташа дәрежесіне сәйкес келеді.

ЖКО мен көлік құралының сот сараптамасының қорытындыларына сәйкес жүргізуші А.С. қағу орнына дейін автомобиль жүрісін дереу бәсеңдетіп оны тоқтатуға, жаяу жүргінші С.С. қағуға жол бермеуге техникалық мүмкіндігі болмаған.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу ҚПК-нің 2-тармағының 35-бабы бірінші бөлігі негізінде А.С. іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Осы дауды шешу кезінде сот АҚ-нің 931-бабының 1-тармағын, 951-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, «Қазақстан Республикасы соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР ҚК-нің 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 нормативтік қаулысының 19-тармағын басшылыққа алған, оған сәйкес зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан, ЖҚК денсаулыққа келтірген моральдық зиян өндіріп алуға жатады.

Жауапкердің ЖКО-ға кінәсінің жоқтығы, осыған байланысты келтірілген жан азабы үшін жауапты емес екендігі туралы дәлелдерін сот дәрменсіз деп таныды.

Істің нақты мән-жайларын ескере отырып, өтемақы мөлшері әрбір талап қоюшыға 150 000 теңге сомасында белгіленген. Сот шешімі заңды күшіне енді, тараптар шағымданбады.

АК-нің 938-бабының 4-тармағына сәйкес жәбірленуші зиян келтірілген кезде жұмыс істемеген жағдайда оның қалауы бойынша жұмыстан босатылғанға дейінгі табысы не осы жердегі оның біліктілігіндегі қызметкер сыйақысының жай мөлшері ескеріледі, бірақ ол заңнамалық актілерінде белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Кәмелетке толмағандар С.М., А.О. және А.О. мүддесі үшін М.А. «А» ЖШС-ға талап қоюына қатысты істің мән-жайларын қарағанда ЖКО кезінде қаза тапқан Д.Ұ. жұмыс істемеген.

Бұған дейін М.Ұ. жүк көлігінің жүргізушісі болып жұмыс істеген. СИОПиСО дерекқорынан М.Ұ. жүк көлігін басқару үшін тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі болғандығы анықталды.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы департаментінің жауабына сәйкес 2021 жылы Ақтөбе облысы бойынша жүк көлігі жүргізушісінің орташа айлық жалақысы 133 366 теңгені құрады. Осыған байланысты жергілікті соттар аталған соманы негізінде жәбірленушінің жоғалған табысын есептей отырып, талапты негізді қанағаттандырды.

Көлік құралын қалпына келтіру немесе иеліктен шығару бұзылған құқықтарды қорғауға кедергі келтірмейді, сот АПК-нің 64,65,67-баптарының талаптарына сәйкес келетін дәлелдемелердің негізінде залалдың мөлшерін анықтауға құқылы

Р.Ғ. К.Ә. мүлікке келтірілген зиянды өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Қойған талаптарында трассаға жүгіріп шыққан жылқылардың оның автомобилімен соқтығысқаны және жауапкердің жылқыларын қараусыз қалдырғаны жөнінде уәж келтірген.

Абай облысы Аягөз аудандық сотының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен Р.Ғ. талап қоюы толық қанағаттандырылды. Қ.Ә. Р.Ғ. пайдасына 1 428 809 теңге мөлшерінде материалдық залал өндірілді, сот шығындары өтелді.

Абай облысы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 7 ақпандағы қаулысымен шешім өзгертіліп, материалдық залал мөлшері 1 198 100 теңгеге дейін төмендетілді.

ЖКО мән-жайларына жауапкер дау айтқан жоқ, алайда ол автокөлікті автотауарды зерттеу маманының қорытындысымен келіспеді. Оның қорытындысына сәйкес залал мөлшері 1 428 809 теңге мөлшерінде анықталған.

Сот алқасы іс бойынша сот сараптамасын тағайындады, сарапшының берген жауабы бойынша көлік құралы қалпына келтіріліп қойған, сондықтан қалпына келтіруге қатысты жөндеу құнын анықтау мүмкін емес.

Сонымен қатар, талап қоюшы көлік құралын қалпына келтіруге 1 198 100 теңге жұмсалғаны туралы дәлелдемелер келтірді. Жауапкер тарапы осы шығыстарды теріске шығаратын дәлелдемелерді не залалдың өзге сомасы туралы дәлелдемелер ұсынбаған, осыған байланысты алқа жауапкерден өндіріп алынған материалдық залалдың мөлшерін автомашинаны қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындарды растайтын дәлелдемелерді негізге ала отырып азайтты.

Түркістан облыстық сотының сот алқасы А.К. К.Ж. келтірілген залалды өндіріп алу туралы талап қоюдан бас тарту туралы іс бойынша жаңа шешім қабылдап, Шардара аудандық сотының 2022 жылғы 1 шілдедегі шешімінің күшін жойды.

Тіркеу туралы куәлікке сәйкес «Kia Seed» маркалы көлік құралының иесі А.К.екені анықталды.

2021 жылғы 28 қыркүйекте жауапкер К.Ж. «Ваз 2106» маркалы автокөлікті басқара отырып, талап қоюшы басқарып келе жатқан көлікпен соқтығысуға жол берді.

Шардара аудандық сотының 2021 жылғы 26 қарашадағы заңды күшіне енген қаулысымен К.Ж. ӘҚБтК-нің 610-бабының бірінші бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Маманның 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №590 қорытындысына сәйкес, «Kia» автокөлігін қалпына келтіру үшін жөндеу құны, тозуды ескере отырып, 4 889 913 теңгені құрады.

Талап қоюшы жол-көлік оқиғасынан кейін және жөндеу-қалпына келтіру құнын анықтағаннан кейін өз көлігін қалпына келтірмей, оны үшінші тұлғаға сатқандықтан, апелляциялық саты талап қоюды қанағаттандырудан бас тартты.

Бұл жағдайда, көлік құралын иеліктен шығару талап қоюшы залалдың мөлшерін дәлелдеген жағдайда талап қоюды қанағаттандыруға кедергі болмаған.

Жерлеуге байланысты шығындарды анықтаған кезде сот жерлеу күні ас беруге жұмсалған шығындарды өндіріп алу қажеттілігі туралы қорытындыға келді

Кәмелетке толмаған балалардың мүддесі үшін әрекет ететін И.У. қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген материалдық залалды өндіріп алуды сұрады. Сот үкімімен В.В. ҚК-нің 345-бабының үшінші бөлігі бойынша кінәлі деп танылғандығы жөнінде уәж келтірген. Талап қоюшы материалдық залалды жалдамалы тұрғын үйді сатып алуға қажетті 3 355 420 теңге сомасында Банкке енгізілмеген жарналар мөлшерінде, сондай-ақ жерлеуге байланысты шығыстарды 1 625 000 теңге мөлшерінде айқындаған.

Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының 2022 жылғы 5 тамыздағы шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылды: В.В. И.У. пайдасына ескерткішті дайындауға байланысты шығыстар 118 700 теңге мөлшерінде өндірілді, талап қоюдың қалған бөліктерінен бас тартылды.

Апелляциялық алқаның 2022 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен сот шешімі өзгертілді, В.В. И.У. пайдасына өндіріп алынған шығыстар 118 700 теңгеден 718 700 теңгеге дейін ұлғайтылды.

Жерлеу шығындарын анықтаған кезде алқа бұл талап қоюшының жұбайын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге сәйкес жерлеу рәсімдерін атқаруға байланысты шығындар екенін негізге алды.

«Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 нормативтік қаулысының 12-тармағында жерлеуге арналған шығыстарға не жатқызу керектігі түсіндірілген. Осы мәселелерді шешу кезінде осы аймақтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, сондай-ақ дау айтылған салт-дәстүрге қатысты қызметтердің орташа құнын ескеру қажет. Бұл ретте жерлеу күні ас беруге байланысты шығындар ғана нақты жұмсалған мөлшерінде өтелетінін ескеру қажет.

Талап қоюшы әрқайсысы 600 000 теңге тұратын 2 бас жылқыны сатып алу бойынша шығыстарды өндіріп алуды сұрады, бірінші сатыдағы сот бұл шығыстарды растайтын құжаттың жоқтығына сілтеме жасай отырып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартты.

Сот алқасы іс бойынша жарамды деп танылған дәлелдемелерді ескере отырып, бір жылқының құны түрінде жерлеу күні ғана ас беруге байланысты шығындарды өндіріп алу қажеттілігі туралы қорытындыға келді.

Жерлеуге байланысты өтелуге жататын шығыстарға жерлеуге тікелей қажетті шығыстар ғана жататынын соттардың ескергені жөн

Т.Б. А.Ж. қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде өзінің автомашинасының арнайы тұраққа қойылуына байланысты осы тұрақ қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалған шығыстарды, сондай-ақ анасын жерлеуге, ас беруге, ескерткіш орнатуға, медициналық мекемелерге әуе көлігімен баруға жұмсалған жалпы сомасы 3 393 938 теңге мөлшеріндегі шығындарды өндіріп алу туралы талап қойды.

Екінші талап қоюшы Д.Д. жас қызының денсаулығына аяқтың төменгі жағын (аяқтың) ампутациясы түрінде залал келтірілгенін, баланың жамбасын протездеуге жұмсалған шығыстар 1 500 000 теңгені құрағанын атап өтті.

«Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі № 9 нормативтік қаулының 12-тармағына сәйкес соттар өтелуге тиіс жерлеу шығындарына жерлеуге тікелей қатысы бар қажетті шығындар (табыт жасауға, өлген адам үшін киім, венлок сатып алуға, зират қазуға, марқұмды жерлеу орнына жеткізу және т.б. арналған шығындар) ғана жататынын соттардың ескеруі қажет. Ескерткіш пен қоршау орнатуға арналған шығындар да өтелуге тиіс, бұл орайда оларды әзірлеудің нақты сомасы алынады, бірақ ол сол жерде орнатылған стандартты ескерткіштер мен қоршаулардың шекті бағасынан аспауға тиіс.

Сот Т.Б. анасын жерлеу күні ас беруді ұйымдастыруға 490 000 теңге, 2021 жылғы 7 желтоқсанда «Садақа жетісін» өткізуге 560 000 теңге жұмсағанын анықтады.

Сот жауапкерден 490 000 теңгені өндіріп алып, жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты қажетті шығыстар тізбесіне жатпайтындықтан, «Садақа Жетісін» өткізуге арналған қаражатты өтеу бөлігінде талап қоюдан заңды түрде бас тартты.

Ескерткішті дайындауға жұмсалған шығыстарды тексере отырып, сот оны салуға жұмсалған соманы 207 000 теңге мөлшерінде өндіріп алды, бұл ретте 27 000 теңгені өндіруден бас тартты, бұл қосымша ескерткіш Г.Б. қайтыс болған оқиға орнында орнатылғанын анықтады.

Т.Б. арнайы тұраққа, қызының емделуіне байланысты авиабилеттерге ақы төлеуді өтеу туралы талаптары олардың төлем құжаттарымен толық құжаттық расталуына байланысты толық мөлшерде қанағаттандырылды.

Д.Д. баланың жамбасын протездеуге қаражат өндіру туралы талап қоюын қанағаттандырудан мынадай негіздер бойынша бас тартылды.

Көрсетілген нормативтік қаулының 10-тармағына сәйкес жәбірленуші жарақат алған немесе оның денсаулығына өзгедей зақым келтірілген

жағдайда оның алатын немесе алуы мүмкін жоғалтқан еңбекақысы (табысы), сондай-ақ денсаулыққа зақым келтірілуіне байланысты жұмсалатын шығындар (емделу, дәрі-дәрмек сатып алу, қосымша тамақтану, протез салғызу, санаторлық-курорттық ем алу және т.б. үшін), егер дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясы жәбірленуші көмек пен күтімнің осы түрлерін қажетсінеді және оларды тегін алмайды деп тапса, өтелуге жатады.

Талап қоюшы протездеуге арналған шығыстарды растау үшін 1 500 000 теңге сомасына төлем тапсырмасын ұсынған. Осы төлем тапсырмасын мемлекет ішінара субсидиялайтын «Q» қоғамдық қоры жіберген.

Демек, талап қоюшы аталған шығындарды іс жүзінде толық жұмсамаған.

Жауапкердің құқық бұзушылықпен келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы мәселе қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралды.

Сақтандыру компаниясына сақтандыру сомасын өндіріп алу туралы талап қою

«Т» ЖШС А.Ж., «J» сақтандыру компаниясы» АҚ-ға (бұдан әрі - сақтандыру компаниясы) ЖКО келтірген материалдық залалды өтеу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Талаптарды нақтылай келе, талап қоюшы соттан сақтандыру компаниясынан, А. Ж. 3 645 390 теңге мөлшерінде материалдық залал, 606 000 теңге сомасында тауар құнының жоғалуын А.Ж. өндіріп алуды сұрады.

Абай облысы Семей қалалық сотының 2023 жылғы 10 қаңтардағы шешімімен ЖШС-ның талап қоюы ішінара қанағаттандырылды. А.Ж. ЖШС-ның пайдасына 1 807 590 теңге мөлшерінде материалдық шығын, 606 000 теңге сомасында тауардың жоғалған құны өндірілді. Сақтандыру компаниясынан ЖШС-ның пайдасына 1 837 800 теңге мөлшерінде материалдық шығын өндіріліп алынды.

Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі қаулысымен Семей қалалық сотының 2023 жылғы 10 қаңтардағы шешімі өзгертілді.

Сақтандыру компаниясынан ЖШС-ның пайдасына материалдық залалды өндіріп алу бөлігіндегі шешімнің күші жойылып, талап қоюдан бас тарту туралы жаңа шешім қабылданды. А.Ж. ЖШС-ның пайдасына өндіріп алынған материалдық залал сомасы 1 807 590 теңгеден 3 645 390 теңгеге дейін ұлғайтылды.

Іс материалдарын қарағанда, А.Ж. ӘҚБтК-нің 610-бабының бірінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған. Қаулымен А.Ж. басқаруындағы «Toyota» маркалы көлік құралының ЖШС-ға тиесілі «Hyundai Sonata» маркалы көлік құралымен соқтығысқаны анықталды.

ЖКО кезінде «Toyota» маркалы көлік құралының иесі болып оны сақтандыру полисі бойынша басқарған А.Ж. танылды.

Апелляциялық сатыдағы сот сақтандыру компаниясына талап қоюдан бас тарта отырып, талап қоюшыға ЖКО-дан кейін А.Ж. АҚЖ сақтандырылғаны бірден белгілі болғандығы, алайда талап қоюшы «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңның 25-бабы 2-тармағының 4-2) тармақшасында көзделгендей зиянның мөлшерін айқындау қажеттігі туралы өтінішпен сақтандыру компаниясына жүгінбегені туралы негіз келтірген.

Талап қоюшы зақымдалған көлік құралын авариядан кейінгі күйінде сақтамаған, сондықтан зиянның мөлшерін есептеу мүмкін емес. Талап қоюшы зақымдалған көлік құралын өз есебінен қалпына келтірген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ЖШС-ның сақтандыру компаниясына талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылды.

ЖШС-ның А.Ж. қойылатын талаптарына қатысты, алқа ЖШС-ға келтірген мүліктік зиянның мөлшері жылжымалы мүлікті бағалау туралы есеппен расталғанын, оған сәйкес амортизациялық тозуды ескере отырып, 2022 жылы шығарылған «Hyundai Sonata» маркалы көлік құралын қалпына келтіру үшін жөндеу құны 3 645 390 теңгені құрайтынын көрсетті.

Сақтандыру компаниясының есебімен келіспеген кезде залалдың мөлшерін анықтау

2023 жылғы 18 қаңтарда Павлодар қалалық соты О.О. «Е» сақтандыру компаниясы» АҚ-ға (бұдан әрі – сақтандыру компаниясы) талап қоюы бойынша даудың мәніне дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде Ж.С. іске қатыстырып, материалдық залалды өндіріп алу туралы азаматтық істі қарады.

Ж.С. «Shacman Sx3256dt384» көлігін басқара отырып, «Ssang Yong New Actyon» маркалы талап қоюшының автокөлігімен соқтығысқаны анықталды.

ӘҚБтК-нің 610-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Ж.С. кінәлі деп танылды. Жүргізуші Ж.С. АҚЖ-і сақтандырылған.

2022 жылғы 20 маусымда сақтандыру компаниясы зиянның мөлшерін анықтау бойынша калькуляция жүргізген, оған сәйкес физикалық тозуды ескере отырып, қалпына келтіруге қатысты жөндеу құны 912 320 теңгені құрады.

Талап қоюшы есеппен келіспей, тәуелсіз бағалаушыға жүгінді, оның есебіне сәйкес зақымдалған көлік құралын қалпына келтірудің нарықтық құны 1 787 361 теңгені құрады.

Шешім қабылдау кезінде сот «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңның 4-бабына сәйкес көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету көлік

құралдары иелерінің жауаптылығын міндетті сақтандырудың мақсаты болып табылатыны жөнінде уәж келтірген.

Іс бойынша көлік құралының зақымдануының бірдей көлемі көрсетілген, бірақ қалпына келтірудің әртүрлі тәсілдері айтылған: біреуі - ауыстыру арқылы, екіншісі - қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу арқылы екі есептің болуына байланысты, соттың ұйғарымымен автокөлікті қалпына келтірудің нарықтық құнын анықтау үшін сот автотауар сараптамасы тағайындалды.

Сот зиянның мөлшерін бағалауды сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайы кезінде алынған талап қоюшы автокөлігінің кейбір ақауларын ескермей, жөндеу немесе сырлау емес, ауыстыру қажет бөлшектерді есепке алмай жүзеге асырғанын анықтады.

Сақтандыру компаниясы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларының 9-тармағының 2-тармақшасының талаптарын сақтамаған (есепті жүргізу сәтінде қолданыста болған), өйткені қосалқы бөлшектердің құны жеткізу шығындарын есепке алмай, интернет көзден айқындалған. Сақтандыру компаниясының зиян мөлшері (калькуляция) туралы есебі зақымданудың жасырын ақаулары ескерілмей орындалған.

Қағидалардың 51-тармағына сәйкес ауыстыруға жататын бөлшектердің, тораптардың, агрегаттар мен материалдардың құны осы өңірдің не басқа өңірдің бастапқы қосалқы бөлшектерінің нарықтық бағалары туралы қолда бар ақпараттың негізінде жеткізу мүмкіндігін ескере отырып айқындалады.

Сақтандыру компаниясының бағалаушысы калькуляция жасау кезінде жіберген, көрсетілген кемшіліктер талап қоюшының көлігін қалпына келтірудің нақты құнын анықтаудағы айырмашылыққа әкелді.

Сот шешімімен О.О. талап қоюы ішінара қанағаттандырылып, сақтандыру компаниясынан 1 837 800 теңге мөлшерінде сақтандыру төлемі және келтірілген шығыстар өндірілді.

Талап қоюшы жауапкер-сақтандыру компаниясына жүгінгенге дейін ЖКО салдарынан зақымдалған мүлікке жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді, бұл көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын міндетті сақтандыру шеңберінде сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талап қоюдан бас тартуға негіз болды.

2021 жылғы 5 мамырда А.Д. Камаз маркалы автокөлік құралын басқара отырып, көшедегі төмен қысымды газ құбырының аркалы өткелін қағып кеткен.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының қаулысымен азаматтық-құқықтық жауаптылығы «J» СК АҚ-да сақтандырылған А.Д. ЖКО-ға кінәлі деп танылды.

2021 жылғы 28 шілдеде «Қ» АҚ-ның сақтандыру компаниясына осы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тануды және газ құбырын қалпына келтіруге қатысты жөндеу құнын анықтау үшін бағалау жүргізуді талап етіп хат жолдады.

Сақтандыру компаниясы «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңының 22-бабының 3-тармағына сілтеме жасай отырып, сақтандыру төлемінен бас тартты, оған сәйкес мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша зиян мөлшерін айқындау туралы өтініш негізінде он жұмыс күні ішінде жүргізеді.

«Қ» АҚ сақтандыру компаниясына 109 740 теңге мөлшерінде залал өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 13 маусымдағы шешімімен талап қою қанағаттандырылды.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен материалдық құқық нормаларының дұрыс қолданылмауына байланысты бірінші сатыдағы соттың шешімінің күші жойылды, «Қ» АҚ-ның талап қоюын қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылды.

Алқа талап қоюшыға қалпына келтіру жұмыстарының құнын өндіріп алу туралы талаппен тікелей ЖҚК-нің иесіне жүгіну құқығын түсіндірді.

Сақтандыру полисі болған кезде сақтандыру компаниясына жүгінбей материалдық залалды тікелей зиян келтірушіге өтеу туралы талап қою заңды деп танылды

С.А. А.Т. ЖШС-ға тиесілі автокөлікті басқара отырып, Қ.Қ. басқаруындағы «Орал 3255-0010-41» маркалы талап қоюшының автокөлігімен соқтығысып, 12 278 592 теңге сомасына мүліктік залал келтіргені жөнінде уәж келтіріп, «А» ЖШС-ға талап қоюмен сотқа жүгінді.

Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының 2021 жылғы 13 қазандағы шешімімен С.Ю. А. талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

Бірінші сатыдағы сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тартты. Мұндай шешім қабылдау үшін талап қоюшының ЖКО-дан кейін ЖҚК иесінің азаматтық-құқықтық жауаптылығы сақтандырылған сақтандыру компаниясына сақтандыру жағдайын төлеу туралы өтінішпен жүгінуге құқығы болған, бірақ талап қоюшы осы әрекетті жасамаған. Сот бұл мән-жайды талап қоюшының процестік қателігі ретінде бағалады.

Апелляциялық сатының 2022 жылғы 16 ақпандағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімінің күші жойылып, талап қоюшының талаптарын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданды.

ӘҚБТК-нің 610-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін А.Т. кінәлі деп танылғаны анықталды.

Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың талап қоюшы міндетті сақтандыруды реттейтін заңнаманың талаптарына сәйкес сақтандыру компаниясына сақтандыру жағдайын төлеу туралы өтінішпен жүгінбегендігінен талап қоюдың негізсіздігі туралы тұжырымдарымен келіспеді.

АК-нің 816-бабының 8-тармағында сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушы тікелей сақтандырушыға сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға құқылы екендігі белгіленген.

Алқа аталған нормада жәбірленушінің сақтандыру компаниясына жүгінуге міндеті емес құқығы көзделгені, жәбірленушінің өз талаптарын сақтанушыға тікелей қоя алатыны туралы қорытындыға келді.

«Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы» 2017 жылғы 6 қазандағы №8 нормативтік қаулының 5-тармағына сәйкес сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушы тікелей сақтандырушыға сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қоюға құқылы. Өзінің талаптарын зиян келтірушіге (сақтанушыға) тікелей қоя алатын жәбірленушінің осындай құқығы АК-нің 816-бабының 8-тармағында көзделген, бірақ ол міндет болып табылмайды.

Көлік құралын қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде залалдың мөлшерін анықтау

А.Т. Н.Ч. материалдық залалды өндіріп алу туралы талап қоюды сотқа беріп, өзінің талаптарында жауапкердің кінәсінен ЖКО орын алғаны, соның салдарынан оның «Hyundai Elantra» маркалы автокөлігіне зақым келтірілгені жөнінде уәж келтірді. Есепке сәйкес автокөлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан мүмкін емес деп танылды. Сақтандыру компаниясы 553 770 теңге франшизаны және 2 269 468 теңге жарамды қалдықтар сомасын шегеріп, 5 087 762 теңге мөлшерінде сақтандыру төлемін жүргізді. Осыған байланысты Н.Ч. зиян мөлшері туралы есепке сәйкес залал сомасы мен сақтандыру төлемі арасындағы 9 236 325 теңге мөлшеріндегі айырманы, эвакуатордың қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығыстар 12 000 теңгені өндіріп алуды өтінді.

Атырау қалалық сотының 2022 жылғы 7 қарашадағы шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылды. Н.Ч. А.Т. пайдасына 553 770 теңге мөлшерінде материалдық залал, эвакуатор қызметтері - 12 000 теңге, өкілдік қызметтер - 56 577 теңге, мемлекеттік баж - 5 658 теңге мөлшерінде өндірілді.

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен соттың шешімі материалдық залалдың өндіріп алынған сомасын 7 320 544 теңгеге дейін, өкілдік шығыстарды 200 000 теңгеге дейін, мемлекеттік бажды 73 205 теңгеге дейін ұлғайта отырып өзгертілді.

ҚР ЖС-нің азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 21 маусымдағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімін күшінде қалдырып, апелляциялық сатыдағы соттың қаулысының күші жойылды.

Дауды шешу кезінде бірінші сатыдағы сот талап қоюшы ішінара қанағаттандыру және талап қоюшыға сақтандырушы төлемеген 553 770 теңге мөлшеріндегі франшизаны, сондай-ақ эвакуатордың қызметтері үшін залалды өтеу туралы қорытындыға келді.

Апелляциялық алқа бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертіп, өндіріп алынған соманы 7 320 544 теңгеге дейін ұлғайта отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларына сәйкес көлік құралы толық жойылған жағдайда зиян мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі құны оның нарықтық құнына қарай айқындалатынын негізге алған.

Сонымен қатар апелляциялық қаулының мазмұнынан залалдың мөлшерін анықтау кезінде сот автомобильдің қандай нарықтық құнын назарға алғаны анық емес, тиісті дәлелдемелер мен есептеулер келтірілмеген.

ҚР ЖС-нің сот алқасы апелляциялық сатыдағы соттың қорытындылары материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбауға негізделген істің нақты мән-жайларына сәйкес келмейді деген түйінге келді.

Іс материалдары бойынша сақтандырушы талап қоюшының автокөлігінің сақтандыру құнына сәйкес бағаланатын объектінің жақын аналогтары болып табылатын бірнеше көлік құралдарының сату бағалары туралы ақпаратқа сәйкес сатуды тікелей салыстырмалы талдау әдісімен ұқсас бүтін автокөліктің орташа нарықтық құнын анықтаған.

Жоғарыда айтылғандар мына мән-жайлармен расталады: зақымдалған автокөлікті қалпына келтірудің экономикалық тиімсіздігін есептеу талап қоюшының көлік құралын қалпына келтіру құнының сақтандыру құнына қатынасы ретінде жүргізілген.

Осыған байланысты, есепте көрсетілген автокөліктің 7 911 000 теңге мөлшеріндегі сақтандыру құны тараптар келіскен сақтандыру жағдайы басталған күнгі көлік құралының нарықтық құны болып саналуы тиіс, ол азаматтар мен заңды тұлғалардың шарт жасасудағы еркіндігін ескере отырып (380-бап) автомобильдің нақты нарықтық құнына сәйкес келмеуі мүмкін.

Талап қоюшы есепке дау айтпады, керісінше, сотқа мәлімделген талаптың негіздемесіне ұсынылған сақтандыру төлемінің сомасын алған.

Демек, талап қоюшы сақтандырушының белгілі бір зиян мөлшері мен автомобильдің нарықтық құнының нәтижесімен келіскен.

Қалпына келтіруге қатысты жөндеуді жүргізу мүмкін емес деп танылғандықтан, оны жөндеуге есептелген шығындар автомобиль құнынан асып кетуіне, талап қоюшының жарамды қалдықтардан бас тартпауына байланысты, бірінші сатыдағы сот талап қоюшының иелігінде қалған жарамды қалдықтарды (2 269 468 теңге) және сақтандыру өтемін (5 087 762

теңге) шегеріп, автомобильдің құнының (7 911 000 теңге) негізінде залал мөлшерін заңды түрде есептеді.

Осылайша, бірінші сатыдағы сот дауды дұрыс шешу үшін маңызы бар істің мән-жайларын объективті түрде анықтады және қолданылатын материалдық құқық нормаларын қолданды.

АК-нің 9-бабына сәйкес құқығы бұзылған тұлға зақымдалған көлік құралының жоғалған тауар құнын өндіріп алуды талап етуге құқылы

Т.Ж. А.Ж. ЖКО салдарынан келтірілген материалдық залалды өтеу үшін 1 439 253 теңге, зақымдалған көлік құралының тауарлық құнын жоғалтқаны үшін 2 941 841 теңге өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Алматы қаласы Медеу аудандық сотының 2023 жылғы 12 мамырдағы шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылды. А.Ж. Т.Ж. пайдасына келтірілген залал мөлшері мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасы арасындағы айырма түрінде 1 439 253 теңге өндірілді. Тауардың жоғалған құнын өндіріп алудан бас тартылды.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 10 тамыздағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгертілді. Т.Ж. талап қоюының автомобильдің тауарлық құнын жоғалтудан келтірілген залалды өндіріп алудан туралы бас тарту бөлігінде күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды. А.Ж. Т.Ж. пайдасына зақымдалған көлік құралының жоғалған тауар құнын өтеу есебінен 2 941 841 теңге өндірілді.

Апелляциялық сатыдағы сот шешім шығарған кезде көлік құралының тауарлық құнының жоғалуы – авариялық зақымдану және кейінгі жөндеу жұмыстары салдарынан оның құнының төмендеуінен болатын залал түрі екендігін негізге алған.

Басқа жағдайда сот қалпына келтіруге қатысты жөндеу мөлшерін анықтау кезінде тауар түрінің жоғалуы алып тасталғанын және нақты залал болып саналмайтынын көрсете отырып, тауар құнының жоғалғаны үшін залалды өтеуден бас тартты.

«Т» ЖШС «А» АҚ-ға 5 168 293 теңге мөлшерінде залал өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Алматы қаласы МАЭС-тің 2023 жылғы 10 наурыздағы шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылды. Келтірілген залалды өтеу үшін «А» АҚ-дан «Т» ЖШС-ның пайдасына 2 776 085 теңге өндірілді.

Бұл ретте бірінші сатыдағы сот талап қоюшының көлік құралының тауарлық құнын жоғалтқаны үшін 388 856 теңге сомасында залалды және осыған байланысты 20 000 теңге сомасында шығыстарды өтеу туралы талаптарын қанағаттандырудан бас тартты.

Апелляциялық алқаның 2023 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Осыған ұқсас қарама-қайшы практика Шымкент қаласының соттарында кездеседі (А.С. Д.Е.; Д.А. Н.Р. талап қоюлары бойынша істер).

АК-нің 9-бабына сәйкес азаматтық құқықтарды қорғауды сот құқықтарды тану, құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру жолымен жүзеге асырады. Құқығы бұзылған адам өзіне келтірілген залалдың толық өтелуін талап ете алады.

Құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауы мүмкін шығындар, оның мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал), сондай-ақ адамның әдеттегі айналым жағдайында алуы мүмкін, егер оның құқығы бұзылмаған болса (жоғалған пайда), кірістердің алынбауы залал деп танылады.

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес көлік құралдары иелерінің жауаптылығын міндетті сақтандыру шартында мүліктің жоғалған тауарлық құнды қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және жоғалған пайдасын өтеуді қоспағанда, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

Автомобильдің тауарлық құнын жоғалтудан келтірілген залал міндетті сақтандыру шартында қамтылмағандықтан, АК-нің 9-бабына сәйкес құқығы бұзылған тұлға нақты залалдың толық өтелуін талап етуге құқылы болғандықтан, зақымдалған көлік құралының жоғалған тауарлық құнын өндіріп алу практикасы дұрыс болып табылады.

АК-нің 924-бабына сәйкес ерікті немесе міндетті түрде сақтандыру тәртібімен өзінің жауаптылығын сақтандырған заңды тұлға немесе азамат, келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сақтандыру сомасы мен залалдың нақты мөлшерінің арасындағы айырманы өтейді.

АК-нің 833-бабының 4-тармағына сәйкес сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша сақтандырушы айқындайды. Қажет болған жағдайда келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) жүргізеді. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда тараптар өзгеше дәлелдеуге құқылы.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы №2 аудандық сотының 2021 жылғы 29 шілдедегі шешімімен «Ц» ЖШС-ның С.Р. нақты залал мен жүргізілген сақтандыру төлемі арасындағы айырма түрінде 1 136 785 теңге мөлшерінде материалдық залалды өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылды.

Сот алқасының 2022 жылғы 1 ақпандағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, талап қоюдан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылды.

Іс бойынша анықталғандай, жауапкердің басқаруындағы «Mercedes» маркалы автомашина мен талап қоюшы қызметкерінің басқаруындағы «Lexus LX470» маркалы автомашина ЖКО жасаған, жауапкер С.Р. ЖКО-ға кінәлі деп танылды.

ЖКО кезінде жауапкердің АҚЖ «Х» сақтандыру компаниясы» АҚ-да сақтандырылған.

2021 жылғы 12 наурызда сақтандыру компаниясы талап қоюшыға 1 750 200 теңге (600 айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде сақтандыру төлемін аударды.

Талап қоюшы «R» ЖШС шығарған 2021 жылғы 1 сәуірдегі есепті негіздемеге ұсына отырып, нақты залал мен сақтандыру төлемінің арасындағы айырманы өндіріп алуды сұрады.

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңның 24-бабының талаптарына сәйкес, келтірілген зиянды толық өтеу үшін жауаптылықтың шекті көлемі жеткіліксіз болған кезде сақтанушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

«Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы» ҚР ЖС-нің 2017 жылғы 6 қазандағы №8 нормативтік қаулысының 18-тармағында зиян мөлшерін айқындау қағидаларының 11-тармағына сәйкес жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі зиян мөлшері туралы есепті алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде онда жүргізілген зиян мөлшері есебінің нәтижелерімен келісетіні не келіспейтіні туралы белгі қоятыны түсіндірілген.

Сақтандырушы айқындаған зиян мөлшерінің нәтижесімен келіспеген кезде жәбірленуші (пайда алушы) зиян мөлшерін бағалау нәтижелерін заңсыз деп тану туралы жеке талап қою беру арқылы, не болмаса сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талаптарды сотта қарау барысында оны даулауға құқылы.

Апелляциялық алқа талап қоюшының сақтандыру компаниясы орындаған зиянның мөлшері туралы есеппен (калькуляциямен) келіскенін, талап қоюшы ұсынған «R» ЖШС-ның есебі талап қоюшы сақтандыру төлемін алғаннан кейін дайындалғанын, келіспеген жағдайда оның Заңның 22-бабының 5-тармағына сәйкес сақтандырушының бағалау нәтижелеріне дау айтуға құқығы болғанын және тиіс екенін негізді түрде көрсетті.

Осыған ұқсастықпен істер шешілді (Абай облысы - Л.Л., Н.И. талап қоюы бойынша іс; Шымкент қаласы - М.А. Р.А. талап қоюы бойынша іс; Түркістан облыстық соты - Г.Қ. И.Б. талап қоюы бойынша іс; Алматы қалалық соты – «П» ЖШС-ның О.С. талап қоюы бойынша іс).

ЖКО-дан кейін оған қатысушылар келтірілген зиян үшін жауапты адамды және зиянның мөлшерін анықтау туралы келісімге келген істер бойынша сот практикасы

А.О. әкесі А.О. жеке меншік құқығымен тиесілі «Audi-80» маркалы автокөлікті басқара отырып, ЖКЕ бұзып, жаяу жүргінші Қ.Ш. қағып кеткен, соның алдарынан Қ.Ш. ауыр дене жарақатын алған.

Жауапкерлердің өтініші бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Қ.Ш. татуласу және қылмыстық істі тоқтату туралы өтініш жазды. Оның орнына А.О. жазбаша қолхат беріп, онда ол талап қоюшыға 1 500 000 теңге төлеуге немесе оған әкесінің автокөлігін оның атына ресімдеуге міндеттенген, бірақ кейіннен өз міндеттемелерін орындамаған.

Талап қоюшы соттан жауапкерден 1 500 000 теңге сомасында денсаулыққа келтірілген зиянды, 1 500 000 теңге сомасында келтірілген моральдық зиянды өндіріп алуды сұрады.

Жетісу облысы Текелі қалалық сотының 2023 жылғы 13 маусымдағы шешімімен Қ.Ш. талап қоюы ішінара қанағаттандырылды. А.О. Қ.Ш. пайдасына келтірілген зиянды өтеу есебіне 1 500 000 теңге, моральдық зиян 500 000 теңге сомасында өндірілді.

Жетісу облысы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 9 тамыздағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Сот тараптардың арасында зиянды өтеу тәртібі туралы шартты жазбаша нысанда (қолхат) жасасуға байланысты талап қоюшы қолхатта көрсетілген соманы талап ету құқығына ие болды деген қорытындыға келді.

Басқа өңірлердің сот практикасында осындай мысалдар кездеседі. ЖКО кезінде кінәлі тарап жол полициясы қызметкерлерін шақырмай және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырмай, қалпына келтіру бойынша жөндеу құнын бағалау болмаса да борыштық құжат беріп, онда нақты сомада залалды төлеу жөніндегі өзінің міндетін мойындайды.

Кейбір жағдайларда соттар талап қоюдан бас тартады, ал басқа жағдайларда қолхат жазған, бірақ ЖҚК иесі болып табылмайтын адамнан зиянды өндіріп алады.

Осыған байланысты Ақтөбе облыстық соты бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің бұл тәртібінің заңдылығы жөнінде сұрақ қойды. Мұндай жағдайларда келтірілген залалдың сомасы қалай айқындалуға жатады? Талап қоюшы ұсынған қолхатта қатысы жоқ жоғары қауіптілік көзінің заңды иесі залалды өтеу бойынша жауапқа тартылуға жатады ма?

АК-нің 271-бабына сәйкес міндеттемелер шарттан, зиян келтіруден немесе АК-нің 7-бабында көрсетілген өзге де негіздерден туындайды.

АК-нің 276-бабында, егер заңнамада немесе шартта көзделсе, сол сияқты үшінші тарап тиісті шарт арқылы тараптардың бірімен байланысты болса, міндеттемені орындау түгелдей немесе бөлшектеп үшінші тарапқа жүктелуі мүмкін.

АК-нің 380-бабында азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті екендігі белгіленген. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз

еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүр етуге жол берілмейді.

Аталған нормаларға байланысты жәбірленуші тараптың келісімі болған кезде ЖКО кезінде ЖҚК-нің иесі болып табылмайтын адамның ЖҚК келтірген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемені өз еркімен қабылдауы жоғарыда көрсетілген құқық нормаларына қайшы келмейді.

ЖҚК-ден келтірілген моральдық зиянның ақшалай өтемақысының мөлшерін анықтау

М.С. Б.О. 700 000 теңге мөлшерінде денсаулыққа зиянды өтеу және 2 900 000 теңге сомасында моральдық зиянды өтеуді өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Талаптар Б.О. көлік құралын басқара отырып, жаяу жүргіншілер өткелінде талап қоюшыны қағып кеткеніне, оның әрекеттерінің салдарынан талап қоюшының денсаулығына орташа дәрежеде зиян келтірілгеніне, ол физикалық ауырсыну мен моральдық азапты бастан өткергеніне негізделген.

Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 9 маусымдағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Алматы облысы Талғар аудандық сотының 2020 жылғы 26 ақпандағы шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылды. Б.О. М.С. пайдасына денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу үшін 170 340 теңге және моральдық зиянның өтемақысы 300 000 теңге мөлшерінде өндірілді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 6 сәуірдегі қаулысымен бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың сот актілері өзгертілді. Б.О. М.С. пайдасына өндіріп алынған моральдық зиянның өтемақы сомасы 2 500 000 теңгеге дейін ұлғайтылды.

Кассациялық сатыдағы сот жергілікті соттардың моральдық зиянды өтеу мөлшерін айқындау кезінде субъективті және объективті деректерді, адамды қағу кезінде қолсұғушылық объектісіне айналған өмірлік игіліктерді, талап қоюшының алған жарақаттарының салдары мен денсаулығына келтірілген зиянның ауырлығын, қаржы қаражатын талап ететін ұзақ мерзімді емдеу мен оңалту, өмір сүру жағдайларының нашарлауына байланысты бейімделу қажеттілігін, құқық бұзушының кінәсінің дәрежесін толық көлемде ескермеген деген қорытынды жасады.

Моральдық зиян өзінің сипаты бойынша оны ақшамен дәл көрсетіп, толық өтеу мүмкіндігін көздемейді, заңда көзделген өтемақы жәбірленушінің азап шеккені үшін әділ сыйақы белгілеріне жауап беруі тиіс.

Жергілікті соттардың талдамалық анықтамаларында автокөлікті қалпына келтіру бойынша жөндеу кезінде ауыстыруға жататын көлік құралының зақымдалған тораптары мен бөлшектерінің одан әрі мәселелері туралы сұрақтар қойылады.

АПК-нің 225-бабының 2-тармағына сәйкес сот мәлімделген талаптардың шегінде шешім қабылдайды, осыған байланысты талап қою қанағаттандырылған жағдайда, зақымдалған ауыстыруға жататын тораптар мен бөлшектерді беру жөніндегі міндет жауапкер тиісті талаптар қойған жағдайда талап қоюшыға жүктелуі мүмкін.

Зиянның мөлшерін анықтау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларында, оларға енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен регламенттелетінін соттардың назарда ұстағаны жөн.

Бағалау туралы есепте белгіленген құнмен, оның ішінде қолда бар өзге есепке байланысты құнмен келіспеген жағдайда, бағалау туралы есептің сараптамасы жүргізілуі мүмкін. («Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңның 11-бабы).

Соттар сот сараптамасын тағайындау туралы мәселені шешкен кезде көрсетілген нормаларды ескеруі тиіс, өйткені сақтандыру компаниялары мен сот сарапшылары залалды бағалау кезінде әртүрлі әдістерді басшылыққа алады.

Сақтандыру компанияларына сақтандыру сомаларын өндіріп алу немесе жүргізілген бағалаумен (калькуляциямен) келіспеу туралы талап-қоюларды қарау кезінде сот сақтандырушының көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін анықтауы барысында жоғарыда көрсетілген Қағидалардың талаптарын сақтағанын тексеруі тиіс.

Қорытынды

Талдау көрсеткендей, соттар жоғары қауіп көзінен келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша дауларды негізінен дұрыс шешеді.

Сонымен қатар жекелеген облыстардың соттарында осы санаттағы істерді қараудың қарама-қайшы практикасы бар, материалдық құқық нормалары дұрыс қолданылмайды, жоғары қауіптілік көзінің иесі дұрыс анықталмайды, зиян келтірушіден зиянды ортақ өндіріп алуға жол беріледі.

Жүргізілген талдауда соттарға қиындық туғызатын материалдық құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша түсініктемелер берілді.

Бірыңғай сот практикасын қамтамасыз ету мақсатында:

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьяларының кеңесінде талдау нәтижелерін талқылау;
- талқылаудан кейін талдауды облыстық және оларға теңестірілген соттарға практикада пайдалану үшін жіберу ұсыналады.

ҚР ЖС-нің азаматтық істер жөніндегі сот алқасы